

**2011 жылы Ақжар ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына көтерме жәрдемағы және тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдауды ұсыну туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2011 жылғы 29 наурыздағы N 30-2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 20 сәуірде N 13-4-118 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы мәслихаты аппаратының 2016 жылғы 17 ақпандағы N 03-02-13/28 хаты)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы мәслихаты аппаратының 17.02.2016 N 03-02-13/28 хаты).**

2001 жылғы 21 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66-III "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабы 3-тармағына 4) тармақшасына және 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының 2-тармағына сәйкес, Ақжар аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. 2011 жылға өтінген қажеттілігінің есебімен Ақжар ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына:

1) өтініш түскен кезеңнен жетпіс есептік айлық көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;

2) өтініш түскен кезеңнен тұрғын үй алу үшін мамандардың өтінген сомасында бюджеттік кредит сомасы бір мың бес жүз есептік айлық көрсеткіштен аспайтын әлеуметтік қолдауды.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2011.07.27 N 33-2 Шешімімен (бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші ресми жарияланған күннен он күнтізбелік күн өткеннен**

кейін қолданысқа енгізіледі).

2. "Ақжар аудандық ауыл шаруашылық және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі ауылдық аумақтарды дамыту бойынша уәкілетті орган ретінде ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну бекітілген Ережелеріне сәйкес (одан әрі Ережелер) әлеуметтік қолдау шараларын алуға үміттенетін мамандардың құжаттарын қабылдауын және тіркеуін жүзеге асырсын, ұсынылған құжаттардың растығын тексерсін, қаржылық қаражаттың қажеттігін есеп айырысуын жасасын, Ақжар ауданы әкімдігінің жанындағы тұрақты-әрекеттегі комиссиясына қарауына құжаттарды жолдасын және осы шешімнің іске асыру бойынша шаралар қолдансын.

3. Ақжар ауданы әкімдігінің жанындағы тұрақты-әрекеттегі комиссиясы бекітілген Ережелерге сәйкес ұсынылған құжаттарды қарасын және аудан әкімдігіне маманға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну немесе ұсынудан бас тарту туралы ұсыныс жасасын.

4. "2010 жылы Ақжар ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдауды ұсыну туралы" 2010 жылғы 5 тамыздағы № 25-3 (нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тіркелімінде 2010 жылғы 31 тамызында № 13-4-109 Тізілімінде тіркелген және 2010 жылғы 4 қыркүйекте " Дала дидары" мен "Ақжар-хабар" газетінің № 37 санында жарияланған) аудандық мәслихатының шешімінің күші жойылсын.

5. Осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші ресми жарияланған күннен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Ақжар аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы*

*Қ.Шапенов*

*Ақжар аудандық  
мәслихат хатшысы*

*М.Жұмабаев*

**КЕЛІСІЛГЕН:**  
2011 жылғы 29 наурыз

*"Ақжар аудандық  
ауыл шаруашылығы  
бөлімі және ветеринария"  
мемлекеттік мекемесінің  
бастығы*

*А.Киманов*

*"Ақжар аудандық  
экономика және бюджеттік  
жоспарлау бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің  
бастығы*

*Р.Жүнісова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК